



Құрық ауылында
мектепке дейінгі
білім беруді жақсарту
«**Бірге өсеміз!**»
бағдарламасы



АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКС

Қурық, 2015



1. Балабақшаны - білім ошағы екенін есте ұстаңыз.
2. Тәрбиешінің қоғамдағы рөлін бағалаңыз, қолдау көрсетіңіз.
3. Бала тәрбиесі - тек тәрбиешінің ісі емес, ортақ іс екенін ұмытпаңыз.
4. Балабақша туралы, балабақшада болған жағдай туралы анық-қанығына көз жеткізбей тұрып, бөгде орындарға таратпаңыз.
5. Балабақша – балаңыздың екінші үйі екенін түсінсеңіз, өзіңізді де сол үйдің мүшесімін деп есептеңіз.
6. Балабақшадағы және топтағы ата-аналар жиналысынан қалыс қалмаңыз.

7. Өз балаңыздың балабақшадан тыс уақыттағы өміріне аса үлкен жауапкершілікпен қараңыз.

8. Балаңыз сапалы білім алсын десеңіз, оған балабақшаға қажетті құрал-жабдықтарын уақытылы әперіңіз.

9. Балаңыздың денсаулығы мен жеке басының тазалығына, киіміне жауапты қараңыз.

10. Өз уақытымен балаңыздың оқу процесін қадағалап отырыңыз.

11. Балабақшаға уақытында келіңіз.

12. Өз мүмкіндігіңізге қарай балабақшада өтетін, қала көлемінде өтетін мерекелік іс-шараларға, байқауларға қатысыңыз.



13. Әрбір ата-ана өз еріктерімен балабақшаға ұйымдастырушылық, ақпараттық және материалдық көмек көрсете алады.

14. Балабақша ішінде, топта болған қиын мәселелерді төменде көрсетілген тәртіппен шешуге тырысыңыз:

- Топ тәрбиешісі;
- Пән мұғалімі (қажет жағдайда);
- Әдіскер тәрбие ісі жөніндегі маман;
- Медбике;
- Балабақша басшысы.